

Арнайы құқық субъектісі "Фарыштық техника және технологиялар институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асыратын қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет тұрлерінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 10 қаңтардағы № 11/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 15 қаңтарда № 33907 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған арнайы құқық субъектісі "Фарыштық техника және технологиялар институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асыратын қызметтермен технологиялық тұрғыдан байланысты қызмет тұрлерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы

Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэрогарыш өнеркәсібі
министрі 2024 жылғы 10
қаңтардағы № 11/НҚ Бұйрықпен
бекітілген

**Арнайы құқық субъектісі "Ғарыштық техника және технологиялар институты"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асыратын қызметтерге технологиялық
түрғыдан байланысты қызмет түрлерінің тізбесі**

1) Навигациялық құрылғылар мен ғарыштық технологиялар, сымсыз байланыс, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы, оның ішінде қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мүдделері үшін ғылыми зерттеулер мен эксперименттік өзірлемелер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК